

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы "Аудан, ауылдық округтер әкімдері аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" №144 қаулысының күшін жою туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 190 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 тамызда № 5072 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Аудан, ауылдық округтер әкімдері аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 наурыздағы №144 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3789 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Т. Рысқұлов ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т. Рысқұлов ауданы әкімі

Е. Есиркепов